



М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Құрылым материалдары және құрылымдастырылыштары саралтама» кафедрасының
кенеятілген мәжілісінің 30.10.2023ж. күнгі №5 хаттамасынан

КӨШІРМЕ

Қатысынан: Қамбаров М.А.- кафедар Мәжілісінің төрағасы, кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент, Байбулеков А.- т.ғ.к., профессор, Сузев Н.А.- т.ғ.к., профессор, Жаңабаев Ж.Ж.- п.ғ.д., профессор, Қырғызыбаев Т.К.- т.ғ.к., профессор, Тұрысбеков С.Ж.- т.ғ.к., доцент, Көпжасаров Б.Т.- т.ғ.к., доцент, Үмбетов Н.С.- т.ғ.к., аға оқытушы, Досыбеков С.Қ.- т.ғ.к., доцент, Қалшабекова Э.Н.- т.ғ.к., доцент, Риставлетов Р.А.- т.ғ.к., доцент, Жақаш Ә.З.- т.ғ.к., доцент, Көпжасарова Г.Т.- аға оқытушы, Қожакұлов Н.Қ.- кафедра Мәжілісінің хатшысы, аға оқытушы, Құдабаев Р.Б.- аға оқытушы, Бекмуратова Л.А.-аға оқытушы, Пошанова Қ.Ж.-аға оқытушы, Құттыбай М.Т.-оқытушы, Кунжигитова Г.Б.-аға оқытушы.

Шақырылғандар: Иманалиев Қ.Е.-«Сәулет» кафедрасының менгерушісі, т.ғ.к., доцент, Алдияров Ж.А. - «Өнеркәсіптік, азamatтық және жол құрылымдары» кафедрасының доценті, т.ғ.к., Артықбаев Д.- «Өнеркәсіптік, азamatтық және жол құрылымдары» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., Толенов А.Т.-«Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының профессоры, т.ғ.к., Досалиев Қ.С.-«Өнеркәсіптік, азamatтық және жол құрылымдары» кафедрасының менгерушісі, PhD доктор, доцент.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Б.Омаровтың 8D07340 – «Құрылым материалдарының, бүйімдарының және құрастырылымдарының өндірісі» оку бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндегі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық касиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын талқылау.

Диссертация тақырыбы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Фылыми кенесінде бекітілген. (Хаттама №07.24.12. 2020 ж.).

Ғылыми көнешшілер: т.ғ.к., доцент Риставлетов Р.А., т.ғ.д., профессор Монтаев С.А., РФ, Башқұртстан Республикасы, Уфа Мемлекеттік мұнай техникалық университеті профессоры, т.ғ.к. Рязанов А.Н.

Тыңдалды: Б.Омаровтың М.Әуезов атындағы ОҚУ-да орындаған диссертациялық жұмысы туралы баяндамасы.

Б.Омаров өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мазмұнын, жұмыс бойынша негізгі нәтижелер мен қорытындыларды баяндады.

Төраға: докторантқа сұрақтарыңыз бар ма?

т.ғ.к., профессор Байбулеков А. Бұл тақырыптың өзектілігі неде?

Жауап: Қазақстанда азаматтық және өндірістік құрылыштың қарқынды дамуы, тиімді құрылым материалдары мен бүйімдарын өндіру, соның ішінде керамикалық төңөмдер өндірісін ұлғайту қажеттілігін туғызуда. Қазіргі кезде керамикалық құрылым материалдарын өндіруде жоғары сапалы сазды шикізаттың тағшылығы сезіле бастады. Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында жоғары сапалы саздың қоры шектеулі болғандықтан, оларды өндіру үшін физика-механикалық қасиеттері және құрамында қажетсіз қоспалары көп болатын лесс тәрізді саздар пайдаланылады. Қажетті сападағы керамикалық материалдар алу үшін керамикалық бүйімдардың ішкі, біртұтас құрылымның қалыптасуына ықпал ететін шикізаттың жаңа көздерін және күйдіру температурасы төмендеген кезде араласпа компоненттерінің арасындағы өзара әрекеттесу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін шешімдерді табу қажеттігі туындаиды. Сондықтан Қазақстанның онтүстік өңірлеріндегі сазды шикізат пен өндіріс қалдықтары негізіндегі керамикалық композициялардың онтайлы құрамын тандау, түрлі қоспалардың керамикалық бүйімдардың күйдіру температурасын әсері мен пісу заңдылықтарын зерттеу және өндірудің технологиясын әзірлеу бағыттындағы зерттеулер бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып абылады.

т.ғ.к., доцент Алдияров Ж.А. Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері қандай?

Жауап: Жұмыстың негізгі міндеті: Онтүстік Қазақстан сазды жыныстарының негізінде керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын дайындау және олардың физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу болып табылады.

т.ғ.к., профессор Толенов А.Т. Диссертацияның ғылыми жаңалығы неде?

Жауап: Саздақ-бентонит екі компонентті шикізат жүйесінде дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді алу үшін технологиялық шешімдер және ғылыми іегізделген жаңа құрамдар анықталды; Саздақ-бентонит екі компонентті шикізат жүйесінде дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді алу үшін технологиялық шешімдер және ғылыми негізделген жаңа құрамда анықталды; 1000°C дейінгі күйдіру температурасы аралығында қаты және қатты-сұйықтықты фазалық пісу үрдістерін арқылы композицияның фазалық-минералдық құрамын қамтамасыз етіп, жоғары берікті, аязға төзімді және химиялық тұрақты керамикалық төсемдерді алуға

мүмкіндік беретін керамикалық композицияның құрылым және фаза түзілу үрдістерінің зандылықтары зерттелді; Пісү және кристалдану қоздырғыштарының құрамында жұқа дисперсті шыны ұнтағының (фракциясы 0,1 мм-ден аз) болуы керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететіні және шыны ұнтағының жұмсару температурасын $720\text{-}750^{\circ}\text{C}$ дейін төмендетуге мүмкіндік беретіні анықталды; Түйіршікті қож қоспасының үлесін 35% дейін арттырғанда 1000 $^{\circ}\text{C}$ күйдіру температурасында үлгілердің беріктігінің өсуі, қождың минималды құрамымен салыстырғанда 1,5 есе жоғары болатындығы анықталды; Рентгендік-фазалық және электронды-микроскопиялық талдау нәтижелері бойынша 1000 $^{\circ}\text{C}$ температурада күйдірілген үлгілерде волластониттің (CaSiO_3) төмен температуралы түрімен кристалданған кеуекті қож түйіршіктері байқалатындығы анықталды; Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, керамикалық үлгілердің алдын ала күйдіру, қалыптау, кептіру және күйдіру қасиеттерінің жоғары көрсеткіштері негізінде құрамында: саздақ - 85,0-90,0; бентонит сазы 10,0-15,0% және дірілдетіп тығыздау ұзақтығы 9-12 секунд болатын құрам тандалды.

Т.Ф.К., доцент Иманалиев Қ.Е. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін қандай ғылыми әдістерді пайдаланыңыз?

Жауап: Құрылыс керамикасын өндіруде өндірістік қалдықтарды және екінші реттік шикізатты пайдалануды зерттеуге бағытталған әлемдік тәжірибелі зерделеуді қамтитын отандық және шетелдік дереккөздерге әдеби шолу жасалды.

Сазды шикізаттың, өндіріс қалдықтары мен олардың негізіндегі керамикалық композициялардың химиялық, минералогиялық құрамдары арнайы халықаралық аккредитациядан өткен зертханада дифференциалды термиялық талдау (ДТА), рентгендік фазалық талдау әдістері (РФА) мен электронды микроскопиялық зерттеулер арқылы анықталды.

Шикізаттық материалдар, олардың негізіндегі композициялар мен керамикалық бүйімдардың физика-механикалық қасиеттері сынаудың стандартты әдістері арқылы сыналды.

Т.Ф.К., доцент Қамбаров М. Саздақ-бентонит-ПКК жүйесінде дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді өндіруге арналған керамикалық композицияларды әзірлеу бойынша тұжырымдамалар қандай?

Жауап: Арнайы керамикалық материалдарды (техникалық керамика, отқа төзімді заттар және т.б.) өндіру үшін керамикалық массалар құрамындаған емес, сонымен қатар, құрылышқа арналған дәстүрлі керамикалық материалдар үшін де шағын белсендіргіш қоспаларды (пісү және кристалдану қоздырғыштары) пайдалану өзектендірілді; «Арселор Миталл Теміртау» АҚ дөмна түйіршіктелген қожды және «Стеклосервис» ЖШС шыны қалдықтарын пайдалана отырып, дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді өндіру үшін пісү және кристалдану қоздырғыштарын жасау бойынша ғылыми-тәжірибелік жұмыстар жүргізілді; 950-1000 $^{\circ}\text{C}$ күйдіру температурасы аралығындағы қоспаның пісү мен кристалдану қоздырғыштарының санына байланысты керамикалық төсем үлгілерінің

физика-механикалық қасиеттерінің өзгеруінің негізгі заңдылықтары анықталды; Кристалдану және пісү қоздырғыштарының құрамында жұқа дисперсті шыны ұнтағының (фракциясы 0,1 мм-ден аз) болуы керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететін анықталды, өйткені шыны ұнтағының жұмсаруы $720-750^{\circ}\text{C}$ температураларында басталды; Пісү және кристалдану қоздырғыштарының көлемін 15%-ке ұлғайту керамикалық масса сезімталдығын төмен санатқа ауыстырады. Бұл қалыптанған үлгілерді кептіру жарықтары жок жеделдетілген қарқынмен кептіруге мүмкіндік береді; Рентгендік-фазалық және электронды-микроскопиялық талдау нәтижелері бойынша $950-1000^{\circ}\text{C}$ температуралар аралығында күйдірілген үлгілерде төмен температуралы қалыптағы волластониттің (CaSiO_3) кристалдануы байқалғаны анықталды; Керамикалық массаның құрамдас бөлігі ретінде β – волластониттің болуы арматуралық компоненттің рөлін атқаратыны дәлелденді. Шынында да, жоғары беріктік индикаторларына күйдіру өнімдерінде β – волластониттің ең көп кристалдануы болатын қосылыстарда қол жеткізілетінін атап өткен жөн; Жүргізілген ғылыми-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде сапа, эстетика, экологиялық, ресурс және энергия үнемдеу талаптарына жауап беретін пісү және кристалдану қоздырғыштары бір дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді өндірудің орындылығы дәлелденді.

PhD доктор, аға оқытушы Артықбаев Д. Саздақ, бентонит сынамаларының термограммасындағы эндо және экзотермиялық әсерлер қандай құрамдық өзгерістерге байланысты туындалады?

Жауап: саздақ сынамасында- $350-555^{\circ}\text{C}$ -гипстен суды шығарумен, эндотермиялық әсері; $555-800^{\circ}\text{C}$ -слюдті, сазды минералдардан құрылымдық судың шығарылуы, β -кварцтың α -кварцқа кварцтық өтуімен байланысты бірқатар эндотермиялық әсерлер; $776,9^{\circ}\text{C}$ -доломит және кальцит ыдырауына б/ты эндоәсер тіркелді; 950°C -каолиниттің ыдырау өнімдерінен алғашқы муллит жаңа кристалды заттар түзілуімен байланысты экзоәсер тіркелді.

Бентонит сынамасында- $140,9^{\circ}\text{C}$ - монтмориллонит және гидрослюда пакетаралық судың жоғалуына б/ты эндоәсер ; $200^{\circ}\text{C}-756,8^{\circ}\text{C}$ аралығында- монтмориллонит, каолинит, гидрослюда сазды минералдарының дегидрациялану эндоәсерлерә; $400-650^{\circ}\text{C}$ - монтмориллонит пен каолиниттен гидроксилді су жойылады, гидрослюдадан құрылымдық су бөлінеді; $570-580^{\circ}\text{C}$ - кварцтық өзгерістер жүреді; $650-950^{\circ}\text{C}$ - монтмориллонит кристалды торларының бұзылуына, доломит және кальциттің ыдырайды; 950°C температурадан жоғары жаңа кристалды заттардың құрылудың байланысты экзоәсердің дамуы байқалды.

PhD доктор, доцент Досалиев Қ.С.-Саздардың кептіруге сезімталдылығы анықтау қандай тәсілмен жүргізілді?

Жауап: Кептіруге сазды шикізаттың сезімталдығы, оларды кептіру кезінде туындастын шөгу кернеуіне жарықтардың туындауының төтеп беру қабілеттігімен сипатталады. Бұл зерттеуде сынамалардың бұл қасиеті 3.А.Носовой ұсынылған кептіруге сезімталдық коэффициентімен

бағаланды. Зерттеулер ая аортасында тұрақты салмаққа дейін кептірілетін 60 × 30 × 11 мм-лік толық денелі сынмалармен жүргізілді.

Аудағы шөгу қалыпты қалыптау ылғалдылығында қарапайым қол иленгіштік қалыптау әдісімен алынған толық денелі үлгілермен анықталынды.

Сонымен, оның кептіруге төмен сезімталдығы саз бөлігінде каолинит компоненті басым болатын массаларға тән қасиетімен түсіндіріледі, бұл материалдарды кептіру кезінде шөгінді ылғалды кетіру нәтижесінде туындастын ішкі кернеулергетөтеп беруге мүмкіндік береді.

Аудағы шөгүге келетін болсақ, «саздақ» сынамасы оның төмен мәнімен сипатталады, ал «бентонит» сынамасы жоғары, бұл олардың гранулометриялық құрамының мәліметтеріне сәйкес келеді.

Сұрақ: Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы қандай?

Жауап: дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдер өндірісінің ұсынылған технологиясын іске асыру қалалық аумақты абаттандыру үшін тиімді отандық құрылыш материалдарының номенклатурасын арттыруға мүмкіндік беретіндігі анық. Бетоннның орнына керамикалық төсемдерді пайдалану құрылыш индустриясындағы жауапты құрылымдар үшін өте қажетті цементтің жалпы ауқымды үнемделуіне ықпал етеді. Ұсынылған технология қолданыстағы технологиялық жабдықтардың қарапайымдылығымен, шикізаттың қол жетімділігімен және жоғары ұйымдылығымен ерекшеленеді, бұл оларды жеке қалыптау цехын ұйымдастыра отырып, қолданыстағы кірпіш зауыттары негізінде енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сапасы төмен саздақтардан беріктігі жеткілікті құрылыш материалдарын алу мүмкіндігін туғызады.

Төраға: докторантқа тағы да сұрақтарыңыз бар ма, сұрақ жоқ болса, сөзғылыми жетекшісі т.ғ.к., доцент Р.Риставлетовке беріледі.

т.ғ.к., доцент Риставлетов Р.А.-Омаров Б.А. 2020 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 8D07340 – «Құрылыш материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» мамандығы бойынша докторантурада оқып, 2023 жылы бітірді.

Оқу мерзімінде ол құрылыш материалдары мен бұйымдарын өндірудің теориялық негізін менгеріп, ғылыми-теориялық және эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырудың, зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және қоыртындылау құзыретtelіктеріне ие болды. Б.Омаров диссертациялық зерттеулерінде сазды жыныстардың физика – механикалық, химиялық құрамдарын зерттеп, саздақ-бетонит жүйесіндегі керамикалық төсемдерді өндіруге арналған шикізаттардың күйдіруге дейінгі физика-механикалық қасиеттерін, кептіру және күйдіру режимдерін зерттеп, температураларының сынамалар қаситетеріне әсерін талдады. Шикізатты жартылай құрғақ түрде дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын теориялық негізден, сонымен қатар, шикізаттың араласпаларға пісу және кристалдану қоздырғыштарын қосу арқылы

керамикалық бұйымдардың жеткілікті физика-механикалық және эксплуатациялық көрсеткіштеріне қол жеткізді.

Менің ойымша, жұмыста қажетті қолемде тәжірибелік және теориялық зерттеулер жасалды және алынған ғылыми нәтижелер PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Докторантты қолдауларының және жұмысты 8D07340 – «Кұрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» мамандығы бойынша қорғауға ұсынуды сұраймын.

Төраға: ғылыми жетекшіге сұрақтарының бар ма, егер жетекшіге сұрақтар болмаса, онда рецензент т.ғ.к., доцент Б.Копжасаровқа сөз беріледі.

т.ғ.к., доцент Копжасаров Б. Өзінің пікірін айтты (Рецензенттің пікірі қоса беріледі).

Төраға: Рецензент, т.ғ.к. Б.Копжасаров көрсеткен ескертулерге жауап беру үшін сөз ізденушіге беріледі.

Рецензент т.ғ.к. Б.Копжасаровтың ескертулеріне жауап:

Ескертуге жауап.

Түрлі қалыптау ылғалдылығында қалыптанған керамикалық үлгілердің кептіру ұзақтығының 50,75,90 жылутасығыш температураларына тәуелділігі диаграммасы жасалынды.

Төраға: Бахадур Тастанбекұлы, сіз жауаптарға қанағаттанасыз ба?

т.ғ.к., доцент Копжасаров Б.: Ия қанағаттандым.

Төраға: рецензент т.ғ.к., доцент Э.Қалшабековаға сөз беріледі.

т.ғ.к., доцент Қалшабекова Э. Өзінің пікірін айтты (Рецензенттің пікірі қоса беріледі).

Төраға: Рецензент, т.ғ.к. Э.Қалшабекова көрсеткен ескертулерге жауап беру үшін сөз ізденушіге беріледі.

Рецензент т.ғ.к. доцент Э.Қалшабекованың ескертулеріне жауап:

Ескертуге жауап.

Терминдік сөздердің қазақ тіліндегі аудармалары сала бойынша қолданыстағы әдебиеттерге сәйкестендірілді.

Төраға: Эльмира Нұрлыбаевна, сіз жауаптарға қанағаттанасыз ба?

т.ғ.к., доцент Қалшабекова Э.Н.: Ия қанағаттандым.

Төраға: Егер сұрақтар болмаса, біз талқылауға кірісеміз.

Сөз т.ғ.к., доцент Ж.Алдияровқа беріледі.

Т.ғ.к., доцент Алдияров Ж.А.:Б.Омаровтың диссертациялық жұмысының өзектілігі күмән тудырмайды. Қазіргі таңда, қала аймағын абаттандыру жұмыстарының қарқынды жүруіне байланысты, өзіндік құны төмен, қолда бар сапасы төмен сазды жыныстарды түрлі пісу және кристалдану қоздырыштарымен қоса пайдалана отырып, физика-механикалық және эксплуатациялық көрсеткіштері жетерлік керамикалық төсемдер технологиясын жасау өтө өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар, бұлкерамикалық төсемдерді автомобиль жолдары, көшелердің, жаяу жүргіншілер жолақтары, аула іші жолдары және басқа ұқсас нысандарда

тозуға төзімділігін қамтамасыз ететін материал ретінде қолданудың мүмкіндігі жұмыстың практикалық құндылығын арттырады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қолданыстағы теориялық мәселелерге қайшы келмейді, практикалық маңызы бар. Ғылыми зерттеу нәтижелері өндіріске ендірілген.

Жалпы, жұмыс PhD докторлық диссертацияларына қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Б. Омаровтың диссертациялық жұмысын 8D07340 – «Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» мамандығы бойынша қорғауға ұсынамын, сіздерді де қолдауға шақырамын.

Төраға:тағы кімде қандай пікір бар? Сөз т.ғ.к., профессор А.Байбулевекеберіледі.

т.ғ.к., профессор Байбулевек А.:Бұл жұмыста сазды жыныстардың барлық дерлік талдамалары жүргізілген, теориялық және тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде онтайлық құрамдар анықталғандығын ерекше атап өткім келеді. Мұндай құрамдарда жасалынған керамикалық бұйымдарды жылу оқшаулағыш материалдар ретінде пайдалануға болады.

Жұмыс жетекілікті жоғары теориялық және практикалық деңгейде орындалған. Докторант көптеген мәселелердің шешімін тапқан: құрамдардың физика-механикалық, химиялық қасиеттеріне кептіру және күйдіру режидерінің әсерінен бастап, өндірістік-тәжірибелік сынауға дейінінгі теориялық-эксперименттік зерттеулер орындалып, қажетті қорытындылар жасалған.

Жалпы, Б. Омаровтың диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-практикалық деңгейде орындалған толық зерттелген болып табылады, оның нәтижелері PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға жауап береді. Б.Омаровтың диссертациялық жұмысын 8D07340 – «Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» мамандығы бойынша қорғауға ұсынамын.

Төраға: тағы кімде қандай пікір бар? Сөз т.ғ.к., доцент Б.Копжасаровқа беріледі.

т.ғ.к., доцент Копжасаров Б.Т.:Б.Омаров біздің кафедрада докторантурада оқыды. Ол кафедра жұмысына белсенді қатысты. Зерттеулер жүргізу нәтижесінде алынған нәтижелер ғылыми семинарлар мен конференцияларда баяндалды. Жұмыс бойынша Scopus дерекқорына кіретін мақалалар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу актлері, КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарында және халықаралық конференциялар материалдарында мақалалар жарияланған.

Бүгінгі баяндама ізденушінің ұсынылған материалды нақты менгергенін көрсетті.

Сазды жыныстарды толық зерттеп, пісу және кристалдану қоздырғыштарын, және өндіріс қалдықтарынан қоспаларды пайдаланып, керамикалық төсемдерді өндіруге арналған құрамдарды әзірлеу және өндіріс технологиясын жасау жеткілікті негізделген.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс теориялық түрғыдан құнды және практикалық құндылығы бар, толық қанды біткен зерттеу жұмысы екенін раnstаймын, қолдаймын. Диссертациялық жұмыста керамикалық төсемдерді алуда қажетті керамикалық композициялар өзірлеу бойынша қажетті тәжірибелік зерттеулердің көлемі бар.

8D07340 – «Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» мамандығы бойынша қорғауға Б.Омаровтың диссертациялық жұмысын ұсынамын.

Төраға: қорытынды сөз докторант Б.Омаровқа беріледі.

Іздешуші: барлық қатысушыларға семинар жұмысына қатысқаны үшін және өздеріңіздің құнды пікірлеріңізді және ұсыныстарыңызды білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамын.

ҚАҰЛЫ ЕТТІЛДІ:

Б.Омаровтың «Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндегі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу» диссертациялық жұмысын тыңдалап, талқылағаннан кейін оны көпшілік алдында қорғауға ұсынып, келесілер қабылдасын:

Қорытынды

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Құрылым қарқынының артуы және құрылым материалдары мен бұйымдарының физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттері мен оларды өндірге қажетті шикізаттық материалдар мен өндіру технологиясына деген талаптардың күштейтілуі, құрылым материалдары өндірісін жаңғыртудың негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Керамикалық материалдар мен бұйымдар заманауи құрылышта үлкен танымалдылыққа ие болды. Өнімнің беріктігі, тұрақтылығы, отқа төзімділігі, қасиеттері мен түрлерінің әр алуандығы керамикалық материалдарды қабырғаларды түрғызу, сыртқы және ішкі бөлмелерді қаптау, жылу кондырыларын жылулық оқшаулар және жаяу жүргіншілер жолақтары, скверлер, аллеялар және бақшалық аймақтарды абаттандыру сияқты құрылыштың түрлі салаларында қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде керамикалық құрылым материалдарын өндіруде жоғары сапалы сазды шикізаттың тапшылығы сезіле бастады. Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында жоғары сапалы саздың қоры шектеулі болғандықтан, оларды өндіру үшін физика-механикалық қасиеттері және құрамында қажетсіз қоспалары көп болатын лесс тәрізді саздар пайдаланылады.

Керамикалық бұйымдарды күйдіру сазды жыныстардың минералогиялық құрамына, кебуге сезімталдық дәрежесіне, үлгілердің сзызықты және көлемді шөгу өлшемдеріне және күйдіру әдістеріне, қолданылатын күйдіру режимдеріне тәуелді болады. Саздардың химиялық

құрамының тұрақсыздығынан өнімді күйдіру кезінде жоғары күйдіру температурасында да ($T=1000\ldots1050^{\circ}\text{C}$) минералды және құрылым түзілу процестері толық жүрмейді. Соның салдарынан отын-энергетикалық ресурстар тиімсіз жұмсалыт, осы шығындарды жабу үшін кәсіпорындар сапасыз дайын өнімнің баға ын көтеруге мәжбүр болады.

Бұл өзекті мәселенің ешудің басқа, тиімді жолдарын іздеңдер, яғни керамикалық бұйымдардың шкі, біртұтас құрылымның қалыптасуына ықпал ететін шикізаттың жаңа көңдерін және күйдіру температурасы төмендеген кезде араласпа компоненттерінің арасындағы өзара әрекеттесу белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін шешімдерді табу қажеттігі туындаиды.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер, автордың алынған ғылыми нәтижелерге нақты жеке қатысуы.

- диссертацияда тұжырымдалған докторанттың әрбір ғылыми нәтижесі, тұжырымдары, қорытындылары докторанттың жеке зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады:

- докторант «саздақ+бентонит», «саздақ+бентонит+түйішктелеген домна қожы», «саздақ+бентонит+түйішктелеген домна қожы + шыны өндірісі қалдықтары» жүйе еріндегі керамикалық композиттердің негізінде керамикалық төсемдерді өніру теориялық тұрғыдан негізделген, ұсынылған теориялық тұжырымдамалағ дәстүрлі тұжырымдамаларға қайшы келмейді;

- керамикалық композиттерді өндіруде шикізат құрамының кептіру және күйдіру температурасына әсері зерттеліп, құрамдары, кептіру және күйдіру режимдері онтайланырылған;

- ұсынылған құрам негізіндегі керамикалық төсемдерді өндірудің дірлі престеу тәсілі ұсынылған;

- сапасыз сазды жыныстар мен өндіріс қалдықтары негізіндекерамикалық төсемдерді өндірудің техника-экономикалық тиімділігі анықталған.

3.Диссертацияда баяндалған нәтижелердің негізділігі мен сенімділік дәрежесі.

Докторантдиссертацияның жұмысының әдебиеттерге шолу, тәжірибелік бөлімін, оларды талдау және өндеу, сонымен бірге зерттеу жұмыстарын зертханалық және сынақ аландарда жүргізіп, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытындылау бөлімдерін өздігінен ғылыми жетекшісінің кеңесімен орындаған.

Шикізаттық материалдар мен ұсынылған құрамдар негізінде өндірілген керамикалық бұйымдардың химиялық және минералогиялық құрамы физика-химиялық зерттеу әдістерімен, физика-механикалық қасиеттері қолданыстағы стандарттардың талабына сай зерттелген.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің нақтылығы мен дәйектілік дәрежесі күмән туғызбайды.

4.Зерттеудің жаңалығы және автор алған нәтижелер дәрежесі.

- жергілікті сазды шикізат пен өндіріс қалдықтары негізіндегі қалыптанған керамикалық тілердің орташа тығыздығының өзгеруі дірліді

престеудін ұзақтығына ғана емес, сонымен қатар, шикізаттық материалдардың құрамына да тәуелді екендігі және дірілді престеу ұзақтығының артуы төсемдердің бастапқы беріктігінің айтарлықтай өсуіне ықпал ету арқылы, соңғы өнімнің жоғары беріктік көрсеткіштеріне әсер ететіндігі дәлелденген;

- түйіршікті домна қожы қоспасының үлесін 35%-ға дейін арттыру саздақ-бентонит-қожа жүйесіндегі керамикалық массаны кептіруді жарықтарсыз жеделдетілген қарқынмен жүргізуге мүмкіндік беретін сезімталдығы төмен араласпалар санатына ауыстыратыны, жәnekүйдіру температурасы 1000°C кезінде түйіршіктелген қождың араласпадағы үлесін 35%-ке дейін жоғарлатқанда үлгілердің беріктігі құрамдағы қождың минималды үлесімен салыстырғанда 1,5 есе арттыартыны дәлелденген;

- пісу және кристалдану қоздырғыштарының құрамында жұқа дисперсті шыны ұнтағының (фракциясы 0,1 мм-ден аз) болуы керамикалық масса құрамындағы сұйық фазаның ерте пайда болуына ықпал ететіні және шыны ұнтағының жұмсару температурасын 720-750°C дейін төмендетуге мүмкіндік беретіні дәлелденген.

- ұсынылған дірілді престеу тәсілімен керамикалық төсемдерді өндіру үшін керамикалық композициялардың оңтайлы құрамы мен кептіру және күйдірудің оңтайлы режимдері ұсынылған.

5. Нәтижелердің практикалық маңыздылығы

Дірілді престеу әдісімен керамикалық төсемдер өндірісінің ұсынылған технологиясын іске асыру қалалық аумақты абаттандыру үшін тиімді отандық құрылым материалдарының номенклатурасын арттыруға мүмкіндік береді. Бетоннның орнына керамикалық төсемдерді пайдалану құрылым индустриясындағы жаупаты құрылымдар үшін өте қажет цементтің жалпы ауқымды ұнемделуіне ықпал етеді. Ұсынылған технология қолданыстағы технологиялық жабдықтардың қарапайымдылығымен, шикізаттың қол жетімділігімен және жоғары ұтқырлығымен ерекшеленеді, бұл оларды жеке қалыптау цехын ұйымдастыра отырып, қолданыстағы кірпіш зауыттар негізінде енгізуге мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда күйдіру керамикалық кірпішпен бірге жұмыс істейтін пештерде жүзеге асырылуы мүмкін. Нәтижемсінде жұмыс істеп тұрған кірпіш зауыты құрылым нарығында жоғары сұранысқа ие екі өнімді қатар шығара алады.

6. Диссертацияның негізгі ережелерін, нәтижелерін, қорытындылары мен қорытындыларын жариялауды растау

Диссертация тақырыбы бойынша автор 8 ғылыми еңбегін жариялады. Олардың ішінде 3 макала ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарында, Scopus дерекқорына кіретін басылымдарда 2 макалалар және халықаралық конференциялар материалдарында мақалалар бар.

Жарияланған еңбектер диссертацияның негізгі ережелерін, нәтижелерін, тұжырымдамаларын және қорытындыларын толық көрсетеді.

7.Диссертация мазмұнының қорғауға ұсынылатын мамандыққа сәйкестігі.

Зерттеу нысаны мен пәні бойынша диссертациялық жұмыс, алғынған негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, қорытындылар мен қорытындылар 8D07340–«Құрылым материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі» білім беру бағдарламасына толық сәйкес келеді.

8.Диссертацияның (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Б.Омаровтың «Оңтүстік Қазақстан сазды жыныстары негізіндегі керамикалық төсемдерді өндіру технологиясын жасау және физика-механикалық, эксплуатациялық қасиеттерін зерттеу» диссертациялық жұмысы жергілікті сапасыз сазды жыныстар мен өндіріс қалдықтары негізіндегі керамикалық композициялар негізінде керамикалық төсемдердің құрамы мен технологиялық режимдерін оңтайландыруға бағыталған. Диссертациялық жұмыс ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті талаптарына толық жауап береді.

Кеңейтілген кафедра
мәжілісінің төрағасы
Т.Ф.К., доцент

Хатшы

М.Қамбаров

Н.Қожакулов

М.Қамбаров пен Н.Қожакуловтың қолдарын раставмын.

ЖООКБИ
директорының м.у.а

Г.Елибаева